

"Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 348/12 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 қаңтарда № 4888 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 52/3 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 16.03.2016 № 52/3 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы " Мемлекеттік мұлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Май ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Қоса берілген "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.
2. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамамен белгіленген тәртіpte Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына міндеттелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ысқакова

Павлодар облысы Май ауданы
әкімдігінің 2015 жылғы
"22" желтоқсандағы
№ 348/12 қаулысымен
бекітілді

"Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Май ауданының аумағында құрылышы, сәулет және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілдептік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Көктөбе ауылы, Әйтке би көшесі, 18.
10. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.

11. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение "Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Майского района".

12. Мемлекет Май ауданы әкімдігі тұлғасында "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Май ауданының аумағында құрылышы, сәулет және қала құрылышы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

17. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты Май ауданында құрылышты дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу мен құрылышы, сәулет және қала құрылышы саласындағы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

18. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні құрылышы саласындағы басқарма саясатты аудан деңгейінде жүзеге асыру болып табылады.

19. Міндеттері:

1) құрылышы, сәулет және қала құрылышы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) аудан елді мекендерінің әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымының қалыптастыруын қамтамасыз ету;

3) көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру.

20. Функциялары:

1) зандарда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), селолық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) аумақта жоспарланып отырған құрылыш салу не өзге де қала құрылышының езгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

3) аудандық маңызы бар құрылыш, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылышын тоқтатып қою, объектілерді кейінен кәдеге жарату жөнінде кешенді жұмыстар жүргізу мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;

5) елді мекендердің бас жобасын (аймақтың даму сыйбасын) дамытуға, қала құрылышы жобалары жұмыстарын ұйымдастыру және аудандық мәслихатта бекітумен айналысады;

6) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтың даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жобаларын және жүзеге асыру;

7) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілдепті орган белгілеген тәртіппен жүргізу;

8) ведомстволық бағынысты аумақта құрылыш салуға немесе өзге де қала құрылышын игеруге арналған жер участеклерін таңдау, беру, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде шешімдер қабылдау;

9) ауданың елді мекендерінде құрылыш салу және жоспарлау ережелері мен нормаларын және сақтау бойынша жұмыстар жүргізу;

10) құрылыш нысандарының сәулет-жоспарларына тапсырмаларды беру;

11) аудан аумағында сумен жабдықтау жүйесін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инженерлік-коммуникациялық желілер, ауыл шаруашылығы, абаттандыру, мәдениет, спорт, білім беру объектілері құрылышы және қайта құру;

12) Май ауданы аумағындағы жылжымайтын мүліктің тіркеу адрестерін анықтау туралы анықтамалар беру;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Май ауданының елді

мекен шегінде объект салу үшін жер участелерін беру;

14) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімдігі, әкімі және жоғары сатыдағы ұйымдарының қарастыруға құрылыш, сәулет және қала құрылышы саласындағы дамудың негізгі бағыттары, мәселелерді жедел шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және өзге де ұйымдарынан қажетті ақпаратты, күжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;

3) мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсете;

4) "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелері бойынша мәжілістерді өткізу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Май ауданының әкімімен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

24. "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін аудан әкімдігіне бекітуге ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

3) "Май ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті өз

құзыретіне жататын мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

5) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін мадақтайды, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

7) "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) барлық мемлекеттік органдарда, соттарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мұддесін қорғайды;

9) сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және бұл үшін дербес жауап береді;

10) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдерді жасайды;

11) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттарға қол қояды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (ауданының жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

26. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органы (ауданының жергілікті атқарушы органы) арасындағы қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

4. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

28. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшаулаған мүлкі болу мүмкін.

"Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

31. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Май ауданының құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қысқартылған (таратылған) кезде, несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншігінде қалады.